

№ P00007 20.12.2023 ж



НҰРЛЫБАЕВА ОЛБОЛСУН ХАМЗАҚЫЗЫ

International «Goldentime talent»
vocal contest конкурсының II орын
Жүлдегері Англияелі, Лондон қаласы
Франция, Түркия, Польша, Беларусь
елдерінің спикерлерінен біліктілігін
арттырып сертификатталған практик маман
«Ән салу» үйірмесінің
қосымша білім педагогы

ЕҢ ҰЛЫ ӨНЕР ОЛ - ӘНШІЛІК ӨНЕР

Адам баласының сөз өнерінен кейінгі ең ұлы өнері ол - әншілік өнер. Әлемдік музыканың атасы да әншілік өнер. Адам баласының ойлау қабілеті мен сөйлеу қабілеті қалыптасқаннан кейінгі бірінші меңгерген өнері - әншілік өнер. Қаншама музыкалық аспаптар болғанымен адамға ең қажетті, ең жүрегіне жақыны, адамның өз дауысы. Себебі, шыр етіп дүниеге келгеннен кейінгі естейтіні анаңның әлдейі. Содан бастап ән сенімен өмір бойы бірге болып, қара жер қойнауына да сені ән шығарып салады (Абай).

Заманында әншілердің бәрі ұлттық үлгіде ән салған. Олар өз ұлтының тілдерекшелігіне байланысты сол ұлттың ана әншісі болған. Олардың ән салу үлгісін халықтық немесе ұлттық ән салумақамы деп атайды. Ән салумақамы да халық әндері сияқты белгілі бір авторы жоқ болғандықтан сан өзгеріске түсті. Соның бірі вокалдық жаттығулар олар диатоникалық гамма, арпеджио, хроматикалық гамма, контелина, портаменто, филировка, мелизм группасындағы - трель, форшлаг, группетто т.б боп топқа бөлінеді.

Дауысқа ойдағы вокалдық жаттығулардың негізгі мақсаты

- әншіліктің қажетті техникалық әдістерін жеттік меңгеру үшін, әншілік тыныс алудың әдістері мен түрлерін меңгеру, дауыстың созылмалдылығын (контелина), жұмсақтығын, дауыстың екпінділігін меңгеру, интонация тазалығын сақтау, дауыспен форте және пианоны, дыбысты филировка жасауды, трельді, стакаттоны еркін меңгеруге, жоғары дауыстарға колоратураны меңгеруге, дауыс тембрін байытып сәндеуге, дауыс күшін барлық регистрда біркелкілеуге, дауыс диапазонын мүмкіндігінше екі октаваға жеткізуге, дауыс төзімділігін арттырып, ритмді сезініп қатаң сақтауға дағдыландыру. Ал, әншіні шығарманы көркемдеп айтуы, дикцияны, фразировканы, сөз анықтығын меңгеруі, сахна мәдениетін, әртістікті, шығармадағы бейнені сомдауы оның басты құралы боп саналады.

Хроматикалық гамма жаттығулары

«Хроматизм» атауы гректің – chroma – бояу деген сөзінен алынған. Гректер диотоникалық гаммадағы жеті дыбысты жаңбырдан кейінгі кемпірқосақтың жеті түрлі бояуымен теңестірген. Ал, гаммадағы хроматикалық дыбысты сол жеті бояудың түс реңіне теңеген.

Хроматикалық гамма – мажорлық немесе минорлық латтарда дыбыстардың рет-ретімен жоғары, төмен жарты тоннан қозғалуы. Хроматикалық гаммада дыбыстар жоғары диез белгісімен, төмен тек бемоль белгісімен қозғалады. Хроматикалық гаммаларды дауыс қоюдың алғашқы кезеңінен қолданысқа енгізеді. Хроматикалық гамманың міндеті- бірінші кезекте әншіге интонация тазалығын меңгеру. Хроматикалық гаммалар мен жаттығубастағанда алдымен арақашықтығытар(интервал)үлкенсекундадан бастаған жөн. Сол секундадаға кіретін үш дыбысты меңгерген соң, кіші терцияға, үлкен терцияға ауысу керек. Осы жаттығуларды игергеннен кейін кварта, квинта интервалдарына жаттығуларды бастауға болады.

Хроматикалық гаммалар жаттығуларды алғашында өте жай (largo) темпінде орындап бірте-бірте тездетуге ауысу керек. Жоғарыдағы интервалдардағы хроматикалық гаммаларды ойдағыдай меңгерген соң октавалық немесе одан-да жоғары интервалдік гаммаларға жаттығулар жасауға болады.

Филировка

Филировка – атауы француз тілінен filer un son – дыбысты созу деген мағнаны беретін сөзінен алынған. Филировка әдісі дыбыстың созылмалы динамикасын қаттыдан (forte) , ақырынға (piano), ақырыннан қаттыға жайлап бірте-бірте ауысу. Филировкуны жақсы меңгеру – дауыстың табиғилығын дұрыс қойылғанының көрсеткіші іспетті.

«Кім филировкуны жақсы меңгерсе – сол жақсы ән салады» - дейді вокал педагогтары. Филировка жаттығуларын дауыстың күшін, қаттылығын, дауыстың созылмалылығын біршама меңгерген соң бастаған жөн. Себебі, күші жоқ, әншілік тынысты меңгермеген, дауысының созылмалылығы жоқ әнші филировка әдісін ешқашанда жасай алмайды. Дыбысқа филировка жасау әдісі әншілік өнерде шығарманы орындауда нюанстар жасаудың бастықұралы болады. Ән салғанда филировкуны жоғары деңгейде еркін жасау, дыбысты ұзақ созылмалы филировка жасау әншілік өнердің ең ұзақ уақыт жаттығу арқылы үлкен қиыншылықтармен меңгерілетін әдісі. Филировка әдісі әншінің өмір бойы қолданатын өмір бойы сол әдісті жетілдіруге еңбектенетін жаттығуының ең бастысы. Бұл жаттығу кез келген шығарманы көркемдеп орындаудың негізгі әдістемесі.

Филировкуны меңгеру үшін алдымен бір дыбысты ұзақ уақыт терең тыныста жоғары резонаторда форте әдісімен жеке айтып жақсы меңгеріп, сол дыбысты енді пиано әдісімен жеке орындап дағдылану керек. Екі әдісті жеке-жеке әбден меңгергеннен кейін, бір дыбыста филировка жасау жеңілге түседі.

«Ән салу» үйірмесінің жетістіктерінен үзінді

«Ән салу» үйірмесінің оқушыларға берері мол екендігі бесенеден белгілі денсаулық нығайтуға, адамның өмірдегі түрлі қобалжу кезеңдерінде тек қана адамды құтқаратын ән салу ғана екенін ғалымдар дәлелдеп кеткен. Оқушылардың ән салу сабағына деген ынта жігері ол өздерінің құлшынысын арттыру болса, ән салу өнерінде ерекше етіп өз орнын тауып, оны өмір қажетіне айналдыру мен дамуы барысында үлкен жетістіктерге жету мақсатын көздеген «Ән салу» үйірмесінің жас әншілері Санахаева Томирис пен Мейрамбек Мариям таланатты шәкірттерімен бірге өзімде



Нұрлыбаева Ұлболсын әнші орындаушы боп Европаның Англия елі Лондон қаласында өткен International «Golden time talent» vocal contest конкурсының іріктеу кезеңінен өттік.





Бір ай бойы таңдау кезеңінен
негізгі кезеңге өткен
өзім Нұрлыбаева Ұлболсын
педагог әнші-орындаушы ретінде
II орын жүлдегері атандым.



Өз өнерлерін бәйгеге салған
«Ән салу» үйірмесінің жас әншілері



Мариям және Санахаева Томирис
Ұлыбритания астанасы Лондон қаласында
қашықтан өткен «GOLDEN TIME TALENT»
Халықаралық балалар
шығармашылығының өнер байқауына
қатысып, жүлделі III орындарға ие болды.
Үйірме тәрбиеленушілерін халықаралық
байқауға дайындаған тәжірибелі қосымша
білім беру педагогі Нұрлыбаева Олболсун
Хамзақызын және үйірме
тәрбиеленушілерін жетістіктерімен
құттықтаймыз!
#Ақтауқаласыбойыншабілімбөлімі#
#ОқушыОрталығыKMM#
#GOLDENTIMETALENT2023#

қашықтан өткен «GOLDEN TIME TALENT»
Халықаралық балалар
шығармашылығының өнер байқауына
қатысып, жүлделі III орындарға ие болды.
Үйірме тәрбиеленушілерін халықаралық
байқауға дайындаған тәжірибелі қосымша
білім беру педагогі Нұрлыбаева Олболсун
Хамзақызын және үйірме
тәрбиеленушілерін жетістіктерімен
құттықтаймыз!
#Ақтауқаласыбойыншабілімбөлімі#
#ОқушыОрталығыKMM#
#GOLDENTIMETALENT2023#



Пікір
Мен Санахаева Асият бозом
Санахаева Томирисі 2022 не
оқушылар орталығына, Ж салу
үйірмесіне келіп, көптеген жеті
стіктерге жеттік. Қазақстан
және Еуропа алдында конкурста
қатысқан жақсы орындарға
ие болдық.
Нұрлыбаева Ұлыбасам Ханза
бозомға көп-көп рахметімізді
айтамыз. Балаларымызға өрі
қарай биік-биік белестерден
көріңіз деп ойлаймыз.
Түздіз алғашымыз иексіз!!!
23.09.2023 ж.
Санахаева

Санахаева Томирис «Балдәурен» әнімен III жүлделі орынын жеңіп алса,
«Қарлығаш» әнімен Мейрамбек Мариям III орын жүлдегер болды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бейсембеков А. «Вокалдық жаттығулар мен вокализдердің дауыс қоядағы маңызы» 2012 жыл Талант баспасы Семей
2. Далецкий И. «Советы обучающимся пению» Алматы 1958ж «Музгиз»
3. Доливо А.Л. «Певец и пение» Алматы 1958г «Музгиз»

Зерде танымдық ойын жаттығулар

ЖУМАТОВА ЛАУРА ЖУМАТҚЫЗЫ

Жамбыл облысы, Талас ауданы Қаратау қаласы

"Үміт" арнайы мектеп интернаттың Педагог-психологы

Ойындардың негізгі мақсаты : Оқушылардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамыту арқылы, икемділікті арттыруға, ұсақ қол моторикасын дамытуға, эмоциялық ерік жігерін арттыруға, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуге, бірлесе жұмыс жасай отырып, іс-әрекетін бағалауға қалыптастыру.

Ойынның маңызы:

Психолог үшін:

1. Ойын түрінде жүргізу оқушыларды жалықтырмайды, оқушының танымдық қабілетерін арттыру арқылы, сабақты қызықты өткізу үшін тиімді.

Оқушылар үшін: 2. Ақыл-ойы дамиды, ойын тапсырмаларға қызығушылығы мен белсенділігі, шығармашылығы артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Тренинг ережесі:

- Тыңдау әдебін сақтау;
- Өз пікірін ашық білдір;
- Ашық, көңілді болу;
- Белсенділік таныту;
- Сыйластықта болу;
- «Мен»принципін ұстану;

Тренинг жоспары:

- 1.«Додакаэдр»әдісі мен амандасу
2. «Тәтті» әдісі мен топқа бөлу
- 3.«Кроссенс» әдісі /тақырыпты құрап табу/
4. «Жұмыртқа» әдісі арқылы тақырыпты ашу. «Ерекше пішіндер» жаттығуы.
5. «Жарық » әдісі арқылы тақырыпты ашу .«Пирамида» жаттығуы
- 6.«Құпия сурет» әдісі арқылы тақырыпты ашу. «Ғажайып тастар» жаттығуы.
8. «Жасырын сөз» әдісі арқылы тақырыпты ашу. «Түсті таяқшалар» жаттығуы.
9. «Сиқырлы қағаз» әдісі арқылы тақырыпты ашу «Мөлдір тастар» жаттығуы.
10. «Кері байланыс» «Қаламдар» әдісі.
- 11.Қорытынды

Әр тапсырмалар тақырыбын оқушылар, қызықты жаңа әдістер мен тәсілдер арқылы тауып орындайтын болады.

1. Кіріспе сөз. Психолог сөзі

Ойын баланың өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес.

В.С.Сухомлинский

1. Амандасу. Оқушылардың назарын экранға аудару.
Оқушылар барлықтарыңызды шаттық шеңберге шақырамын.
Ал оқушылар бүгінгі көңіл-күйлеріңіз қалай?
Сіздерге аптаның барлық күндеріңізге сәттілік тілеймін!

Бүгінгі ойын жаттығуымызды «Додакаэдр» әдісі арқылы амандасып алсақ, әуен арқылы амандасу түрлерін жасап өту.



Оқушыларды «Тәтті» әдісі мен топқа бөліп орындарына жайғастыру. Оқушыларға екі топ бойынша жүргізілетін ойын жаттығулардың шартымен таныстырып өту.

1. «Кроссенс» әдісі /тақырыпты құрап табу/. Оқушылар топтық бірлесе отырып қима жазуды біріктіру арқылы тақырыпты табады. Оқушылардың құраған тақырыбын тексеру мақсатында экранға назар аударамыз. Тақырып және мақсатпен түсіндіріп өтеміз.



2. «Ерекше пішіндер» жаттығуы. Мақсаты: Геометриялық фигуралармен танысу. Зейінді аудару, ойлау қабілеті, ой қозғалыс арқылы ұштайды, қиял қабілеттері мен көріп есте сақтауды дамыйды.

Қажетті құралдар: Түрлі түсті пішіндер мен суреттер, ұяшық ағаштар.

Әдіс тәсіл Көрсету, түсіндіру, тәжірибе, әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Уақыты: 2 минут

Нұсқау: Берілген уақытпен әр түрлі түсті пішіндерді, суреттегі пішіндердің орналасуына қарай ұяшыққа орналастыру.



3. «Пирамида» жаттығуы

Мақсаты: Ептілікті, жылдамдық пен логика қабілеттерін артырады.

Түстерін ажырату. Берілген тапсырманың түстеріне мән бере отырып орналастыру. Көріп есте сақтау және зейінін дамыту.

Қажетті құралдар: бала санына қарай ойын үлестірмелері суреттер мен түрлі түсті стакандар беріледі.

Әдіс тәсіл: Көрсету, түсіндіру, тәжірибе, әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Уақыты: 2 минут

Ойынның

жүру барысы: Оқушыларға ойынға арналған үлестірімелер суреттерді тарату және зейін қойып назарларын аудару. Балалар топпен бірлесе жұмыс жасау.



4.Сергіту сәтті : «Көңілді би» қол қимыл қозғалыс арқылы жаттығу

5.«Ғажайып тастар» жаттығуы.

Мақсаты:Тастар түрлерімен танысу , олардың әртүрлі болатынын түсіндіру, қасиетімен танысу. Көңіл-күй, эмоция, шығармашылық қабілеттерін дамыту
Қажетті құралдар: Түрлі түсті тастар мен үлестірімелі суретер.

Әдіс тәсіл: Көрсету, түсіндіру, тәжірибе, әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Уақыты: 2 минут
Ойынның жүру барысы: Балалар өздеріне берілген құралдарға қарап танысады. Тастар қандай түсті және қандай пішінді болатынын білу керек. Ең үлкен, орташа, ең кішкентай тастарды тауып көрсету. Берілген суретерге қарап тастардың көлеміне қарай орналастырып бейнені шығару керек.



6.«Түсті таяқшалар» жаттығуы

Мақсаты: Заттардың түстерін көріп қабылдауды дамыту. Негізгі түстерді салыстыра отырып, ажырату, жұбын табу, ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту.

Қажетті құралдар: Түрлі түсті таяқшалар мен үлестірмелі суретер.

Әдіс тәсіл: Көрсету, түсіндіру, тәжірибе, әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Уақыты: 2 минут

Ойынның жүру барысы: Түрлі -түсті таяқшаларды ұсыну. Оқушылар берілген уақыт бойынша, суреттерге қарап таяқшаларды түсіне сәйкестендіріп орналастыру керек.



7.«Мөлдір тастар» жаттығуы.

Мақсаты: Ойын барысында бала босайды, эмоциялық күш алады, түрлі дағдыларға үйренеді. марблс тастарымен ойнай отырып, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, назар, шығармашылық, қиял қабілеттері дамиды.

Қажетті құралдар: Түрлі түсті марблс тастар. Жасыл, көк күріш т.б.

Әдіс тәсіл: Көрсету, түсіндіру, тәжірибе, әңгімелесу, сұрақ - жауап.

Уақыты: 2 минут

Ойынның жүру барысы: Оқушыларға түрлі түсті марбл тастармен табиғаттың бейнесін шығару ұсынылады. Балалар өз қиялындағы суретті тастар және қажетті құралдарды қолдана отырып бейнелеп шығады.



8. «Қаламдар» әдісі. Оқушылар қаламға жазылған сөздер арқылы, өздеріне ұнаған, таңқалдырған, түсінген, үйренген тапсырмалары туралы ойларын бөліседі.



9. **Қорытынды:** Бүгінгі психологиялық ойын жаттығуларға, жақсы жауап беріп атсалысқан белсенділік танытқан оқушыларды мақтау, мадақтау арқылы бастарына тәжді құрметтеп кигізіп, алдағы күндеріне, сабақтарына сәттілік тілей отырып аяқтаймыз.



№ P00008. 22.13.2023 жыл.



**АЛДАШОВА НАЗЕРКЕ
САКЕНТАЕВНА**
Астана қаласы,
Фариза Оңғарсынова атындағы
№77 мектеп-гимназиясы
Қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі

Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Сабақтың тақырыбы: «Хат жаза аламын»

Бөлім:	Бөлім: Дербес жазылым	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Алдашова Н.С.	
Күні:		
Сынып: 5	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	«Хат жаза аламын»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу	
Сабақтың мақсаты	-жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазады	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, түгендеу. Сабаққа кіріспе	Өткен сабақтағы жазылымның алгоритмдерін еске түсіреді.	Мұғалімнің мадақтауы	Оқулық, жұмыс дәптерлері
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 30 мин.	1- Тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрап жазындар. Сәлеметсіз бе? Әже Ауыл	Сөйлем құрап жазады. Жазған сөйлемдері хатқа байланысты болғанын айтады.	Кері байланыс түрінде өтеді. БҰҰ	АКТ, оқулық, Дәптер

	Атам Жазған сөйлемдеріңе қарап, қандай жазылым түрін құрастырғандарыңды айтыңдар.			
 	2-тапсырма Хат жазудың алгоритмін бірге құрастырайық. Сәлемдесу хат жолданып отырған адресаттың аты-жөні <i>Сәлеметсіз бе, қадірлі, сәлем, қымбатты, ардақты....</i> Кіріспе адресаттың өміріне деген қызығушылықты көрсететін сұрақтар <i>Мен өте ризамын, үлкен рақмет, үшін сізге алғысым шексіз...</i> Негізгі бөлім(хаттың жалпы мазмұны) - адресатты қызықтыратын ақпаратты ұсыну <i>Сізге ... айтқым келеді.</i> Қорытынды - құрмет, сүйіспеншілік, адалдық, кешірім білдіру <i>Жауабыңызды күтемін, сау болыңыз, кездескенше...</i> Жіберушінің қолы: Мерзімі:	Хат жазудың алгоритмін құрастырады. ✚ Ең алдымен, адресатпен амандас; ✚ Хал-жағдайын сұра; ✚ Өзіңнің (адресант) жағдайың туралы жаз; ✚ Хат жазу себебінді жаз; ✚ Мәселеге қатысты пікірлеріңді адресат алдында отырғандай етіп жаза бер; ✚ Хат соңында тілек, ниетіңді жаз; ✚ Адресантты жазуды ұмытпа.	ҚБ: тапсырман ы дұрыс орындаған оқушыға «Жарайсы ң!» деген мадақтау сөзімен ынталанды ру	АКТ, оқулық, Дәптер
	3-тапсырма Алгоритм бойынша Керкұла атты Кендебайға хат жаз. Адресат- Кендебай; адресант-оқырман бала.	Алгоритм бойынша Керкұла атты Кендебайға хат жазады.	Дескриптор -Хат құрылымын сақтайды-3	АКТ, оқулық, Дәптер

	Оқушыларды қолдау үшін: Сәлеметсіз бе, ... мырза? Ертегілер елінде бақытты өмір сүріп ... шығарсыз? Мен, ... , бесінші сыныпта оқимын. Жақсы оқушымын. Сіз туралы ертегіні Тек қана маған қызық болғаны сіздің Сонда сіз ... қорықпадыңыз ба? Өмірде ондай оқиғалар бола бермейді ғой, бірақ маған ақырған арыстан жолықса, ... едім деп ойлаймын. Сіздің ... таң қалдым. Сіздей ... көп болса екен деймін. Осындай ертегілерді оқуға ... Ертегілер әлемінде жолыққанша, Кендебай мырза! Хат жазушы: ...		-көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қояды-2 -хат жазу себебін көрсетеді-2 -сауатты жазады-3	
	«Автор орындығына» отырып, жазған хаттарыңды оқыңдар. Ең үздік хат авторын таңдап алайық. Алгоритмге сүйеніп, хат мазмұнын талдайық.	«Автор орындығына» отырып, жазған хаттарыңды оқиды. Ең үздік хат авторын алгоритмге сүйеніп таңдайды.	Пікір алмасу	Автор орындығы Алгоритм
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	Кері байланыс. «Рюкзак» әдісі - <i>Үйге қандай ақпараттарды ала барасыз?</i> - <i>Бүгін не үйрендіңіз?</i>			

МАЗМҰНЫ

- *НҰРЛЫБАЕВА ОЛБОЛСУН ХАМЗАҚЫЗЫ*
- *ЖУМАТОВА ЛАУРА ЖУМАТҚЫЗЫ*
- *АЛДАШОВА НАЗЕРКЕ САКЕНТАЕВНА*